

процессы и, возможно, даже разработать новую организационную структуру. Это требует обширных и современных знаний о факторах и условиях, которые оказывают существенное влияние на конкурентоспособность компании.

#### Литература:

1. Сукманов, Э. В. Конкурентоспособность как инструмент управления фирмой / Э. В. Сукманов, Н. М. Слоян // Актуальные вопросы экономики и управления: наука и практика. Кriuлинские чтения: сборник материалов всероссийской научно-практической конференции, Курск, 18 марта 2020 года. – Курск: Курский государственный университет, 2020. – С. 43-48.
2. Шатунов, М. В. Конкурентоспособность как механизм обеспечения экономической безопасности организации / М. В. Шатунов, Г. Ф. Галиева // Вестник научной мысли. – 2020. – № 3. – С. 89-94.

**Төлеген Д.Е.**, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, бизнес, құқық және технология факультеті, С-22НП тобы, магистрант  
(*Научный руководитель – к.т.н., профессор Какенов К.С.*)

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУДА СӘЙКЕСТІКТІ РАСТАУ ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЖОЛДАРЫ**

Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасын дамытуда өндірілетін отандық өнім сапасының бәсекеге қабілеттілігі маңызды рөл атқарады. Бұл өз кезегінде осы шығарылған өнімге сәйкестікті растау қызметін жетілдіруді талап етеді. Ұлттық сертификаттау жүйесі мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің бір бөлігі болып табылады және өнім өндіру мен айналысқа шығару салаларын қозғайды. Сәйкестікті растау саласында цифрландыруды жүзеге асыру шетелдік нарыққа шығаралатын өнімнің бәсекеге қабілетті болуына септігін тигізеді.

Қазақстан экономикасының шикізаттық бағыттылықтан мемлекеттік саясаттың басты басымдығы бәсекеге қабілетті экспортқа бағдарланған өндірістерді құру болып табылатын қайта өңдеуге көшуі техникалық реттеудің жалпы әлемдік моделіне және халықаралық стандарттарға көшу жағдайында мүмкін болады [1, 9 б.].

Қазақстанда нарықтық экономиканың дамуы өндірісті дамытудың жаңа басымдықтарын айқындады: Қазақстанда өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру; өндіруші өнеркәсіптен өңдеуші өнеркәсіпке көшуді жүзеге асыру; халықтың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру; тұтынылатын өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін құру.

Осыған байланысты жоғарыда аталған мәселелерді шешудің жаңа тәсілін қолдану қажеттілігі туындады. Отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін, отандық өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қазақстандық өнімнің шет елдерге экспортын кеңейту мәселелерін шешу өнім сапасының жоғары деңгейіне жетуге, сәйкестікті растау қызметін жетілдіруге, сәйкестікті растау қызметінің құқықтық базасын жаңартуға және заманауи менеджмент жүйелерін енгізуге бағытталған.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттің қатарына қосылуы үшін өндіргіш күштерді трансформациялануына, өндірістердің жаңалануына, құқықтық базаны жетілдіруге, экономикада сапалы құрылымдық өзгерістер жүргізуге және капиталдық базаны дамытуға бағытталған ауқымды іс-шаралар жүргізілуі қажет. Осының бәрі ұлттық экономиканың ерекшеліктері ескерілген экономикалық жаңғыртудың өзіндік үлесінің қалыптасуы мен дамуын анықтайды[2, 74 б.].

Ел Президенті Қ. Тоқаев техникалық реттеу және аккредиттеу туралы заңнама 10 жылдан астам уақыт бұрын қабылданған және бүгінгі заман талабына сай келмейтіндігін алға тартып, 2020 жылдың қаңтар айында Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Ұлттық сертификаттау жүйесін дамытуды, елдің ішкі нарығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұлттық стандарттар беделін өсіруді тапсырды. Қазақстан Үкіметіне «Техникалық реттеу туралы» Заңды жаңа редакцияда дайындау және оны 2020 жылдың соңына дейін қабылдауды қамтамасыз ету тапсырылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Техникалық реттеу туралы ұлттық заңнаманы ЕАЭО нормативтік құқықтық базасына сәйкес келтіру және осы саладағы

мемлекеттік бақылауды жетілдіру мақсатында 2020 жылдың 30 желтоқсанында Қазақстанда "Техникалық реттеу туралы" заңының жаңа жобасы қабылданды.

Техникалық реттеу туралы заңды қабылдау техникалық реттеу жүйесін кезең-кезеңмен реформалауды бастауға мүмкіндік берді және көбінесе техникалық реттеу мәселелері бойынша мемлекеттік бақылауды күшейту жолымен ағымдағы өзекті мәселелер мен сәйкессіздіктерді шешті.

Техникалық реттеу жүйесін реформалаудың келесі кезеңі сәйкестікті бағалау объектілерінің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін айқындау жөніндегі қызмет ретінде сәйкестікті бағалаудың барлық регламенттеуші ұғымдары мен тетіктерін қамтитын сапалы жаңа нормативтік-құқықтық құжатты қабылдау жолымен сәйкестікті бағалау жөніндегі қызметтің мәртебесін арттыру жөніндегі жаңа шараларды енгізе отырып, нарыққа қатысушылармен өзара іс-қимылдың жаңа моделіне көшу болып табылады.

Қолданыстағы заңнамада сәйкестікті бағалау саласын мемлекеттік реттеу аккредиттеу субъектілері қызметінің сәйкестігі мен дұрыстығын бағалауға қойылатын міндетті талаптарды, сондай-ақ техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылаудың құқықтық негіздерін айқындай отырып, өнімге, онымен байланысты процестерге, қызметтер көрсетуге қойылатын талаптарды белгілеу, орындау бөлігінде туындайтын техникалық реттеу жүйесіндегі қоғамдық қатынастарға қойылатын жалпы талаптарды белгілеу арқылы іске асырылады.

Заң жобасы сәйкестікті бағалаудың тұжырымдамалық жаңа тәсілі арқылы сәйкестікті бағалау саласындағы төмендегі проблемаларды шешуге бағытталған.

Бұл мәселе бойынша халықаралық тәжірибе, ең алдымен, ЕАЭО және Еуропа елдерінің тәжірибесімен ұсынылған, онда техникалық реттеу саласына қойылатын жалпы талаптардан сәйкестікті бағалау жөніндегі қызметті жеке регламенттеу көзделген.

Еуропалық одақ елдерінде негізге алынатын нормативтік-құқықтық актілермен сәйкестікті бағалау жөніндегі халықаралық ұйымдар шеңберінде қабылданған ISO мемлекетаралық стандарттарының қолданылу құқықтық өрісіне тікелей имплементациялай отырып, сәйкестікті бағалау жөніндегі қызмет қана реттеледі.

«Техникалық реттеу туралы» Заң жаңа редакциядағы екі негізгі міндетті шешуді қамтамасыз етеді: нарықта тәртіп орнату және отандық тауар өндірушілердің бәсекелестік артықшылықтарын іске асыру.

Өнімнің, көрсетілетін қызметтер мен тауарлардың сапа және қауіпсіздік жөніндегі талаптарға сәйкестігін растау, бірінші кезекте, тауар өндірушінің немесе көрсетілетін қызметті жеткізушінің нормативтік құжаттарда белгіленген сапа параметрлеріне сәйкес келетіндігіне кепілдігі. Сонымен қатар, бұл құжат оның әлеуетті тұтынушысы үшін өнімнің немесе қызметтің қауіпсіздігін куәландырады [3].

Өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын сапа мен қауіпсіздіктің ең үздік кепілі сертификаттау болып табылады. Сонымен қатар, сәйкестік туралы декларация оны ресімдеудің жеңілдетілген шарттарына қарамастан, елде өндірілетін немесе әкелінетін тауарларды сатуға құқық беретін құжат болып табылады. Елде сертификатсыз нарық адам денсаулығына және жалпы елдегі экологиялық жағдайға қауіпті сапасыз тауарлармен толтырылатын еді. Стандарттар өнімді дайындаушыларға сапа және қауіпсіздік сипаттамалары берілген өнімдерді өндіруге көмектеседі. Сертификаттау өндірілетін өнімнің, ұсынылатын қызметтердің, ұйымды басқару жүйесінің сапасын арттыруға және қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тиіс.

2020 жылдың шілде айында "Е-аккредиттеу" ақпараттық жүйесі іске қосылды, ол сәйкестікті бағалау жүйесін цифрландыру процесінің бірінші кезеңі болып табылады. "Е-аккредиттеу" ақпараттық жүйесі аккредиттеудің барлық процестерін цифрландыруға және аккредиттеу материалдарының қадағалануын қамтамасыз етуге, алдын ала бағалаулар бойынша аккредиттеуді жүргізу мерзімдерін үш есеге қысқартуға, сертификаттау жүйесін дамытудың болжамдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Осы заңды орындау шеңберінде "Е-сертификаттау" сәйкестікті бағалау саласындағы электрондық сертификаттау сервисінің пилоттық жобасы іске қосылды, онда электрондық түрде сәйкестікті растау жөніндегі құжаттарды беру процестерінің толық бақылануы көзделеді. Сәйкестікті растау туралы құжаттарды беру қатаң есептілік бланкілерін пайдаланбай, тек қана электрондық түрде жүзеге асырылады.

Ақпараттық жүйенің негізгі міндеті "сұр" сертификаттауды алып тастау, автоматтандыру және цифрландыру жағдайларын жасау болып табылады. Осылайша, сәйкестікті бағалау кезінде өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқартуға қол жеткіземіз[4, 82б].

Заң жаңалықтарының бірі – "камералдық бақылау" болып табылады, ол субъектілерді бақылаудан объектілерді бақылауға көшуді көздейді. "Камералдық бақылаудың" мақсаттары бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау және қадағалау субъектісіне бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру болып табылады.

"Е-аккредиттеу" ақпараттық жүйесін енгізу сертификаттау жөніндегі қызметтің мониторингін тиімді жүзеге асыру мүмкіндігін айтарлықтай жақсартады.

Аккредиттеу кезінде немесе аккредитациялық бағалаудан кейін аккредиттеу субъектілері әдетте мамандар мен жабдықтардың болуы туралы барлық қажетті құжаттар мен куәліктерді ұсынады. Алайда, жабдықтар немесе қызметкерлер туралы ақпарат беру ықтималдығы жоғары, олар басқа субъектіде де бар және манипуляциялар арқылы аккредиттеу органының мамандарын адастырады. Қазіргі уақытта мұндай манипуляцияларды бақылау мүмкін емес. Осылайша, жабдықтар мен персоналдың қадағалану жүйесінің болмауына байланысты бұл тәуекел жоғары деңгейде қалып отыр. Алайда, бұл мәселенің шешімі цифрландыру мен ақпараттық жүйені енгізуден көрінеді.

Сертификаттаудың міндеттілігі ҚР мен ЕАЭО техникалық регламенттерімен белгіленеді. Техникалық регламенттердің күші қолданылатын тауарлар сәйкестікті міндетті бағалауға жатады.

Одақ аумағында айналымға шығарылатын өнім қауіпсіз болуға тиіс. Талаптары Одақтың техникалық регламенттерінде белгіленбеген өнімнің қауіпсіздігі мен айналысын қамтамасыз ету қағидалары мен тәртібі Одақ шеңберіндегі халықаралық шартта айқындалады.

Сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттамаға сәйкес ЕАЭО техникалық регламенттерінде Техникалық реттеу объектілеріне қойылатын міндетті талаптар, сондай-ақ өнімді сәйкестендіру қағидалары, сәйкестікті бағалаудың нысандары, схемалары мен рәсімдері белгіленеді. Одақтың техникалық регламенттерінде терминологияға, буып-түюге, таңбалауға, затбелгілерге және оларды жазып беру қағидаларына қойылатын талаптар, санитариялық талаптар мен рәсімдер, сондай-ақ жалпы сипаттағы ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық талаптар да қамтылуы мүмкін.

Одақтың техникалық регламенттерінде мүше мемлекеттерге тән климаттық және географиялық факторларға немесе технологиялық ерекшеліктерге байланысты ерекшеліктерді көрсететін және мүше мемлекеттердің аумақтарында ғана қолданылатын ерекше талаптар қамтылуы мүмкін.

Сондай-ақ өнімге немесе өнімге және өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (іздіструді қоса алғанда), өндіру, салу, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне қойылатын арнайы талаптар, азаматтардың жекелеген санаттарын (кәмелетке толмағандарды, жүкті әйелдерді, бала емізетін аналарды, мүгедектерді) қорғауды қамтамасыз ететін терминологияға, буып-түюге, таңбалауға, затбелгілерге және оларды салу қағидаларына қойылатын талаптар қамтылуы мүмкін.

Көптеген елдерде сертификаттау жүйелері бір-біріне ұқсас. Халықаралық талаптарға сәйкес әзірленген нормативтік құжаттарда сертификаттау жүргізетін органдарға қойылатын жалпы талаптар белгіленген, олардың орындалуы бірыңғай талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді, сол арқылы техникалық кедергілерді барынша жояды.

Бүгінгі таңда өнімді сертификаттауды өнімді сертификаттау жөніндегі аккредиттелген органдар жүргізеді [5, 54 б].

Бүгінгі таңда Қазақстанда ұйымдарда менеджмент жүйесін енгізу бойынша жұмыстар сертификаттау жөніндегі аккредиттелген органда сертификаттаудан өту және менеджмент жүйесінің сертификатын алу мақсатында негізінен тендерлерге, мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін жүргізіледі, өйткені менеджмент жүйелерінің сәйкестік сертификаттарының болуы шартты жеңілдіктерді алуға байланысты конкурстар кезінде артықшылық береді.

Аталған жобаларды іске асыру өндірілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растау қызметін жетілдіретін, оның ішінде халықаралық стандарттарға жауап беретін және Қазақстанның әлемдік кеңістігіне интеграциялануға, менеджмент жүйелерін әзірлеу және енгізу саласындағы қазақстандық консалтингтік ұйымдар мен кәсіпорындарды серпінді және сапалы дамытуға мүмкіндік беретін менеджмент жүйелері саласында сарапшы-аудиторларды

даярлаудың ұлттық жүйесін құруға септігін тигізеді. Бұл өз кезегінде ел экономикасының дамуына, әлемдік деңгейдегі дәрежесін көтеруге ықпал етеді.

Әдебиет:

1. Свидерская Д.С., Свидерский А.К. Стандартау, сертификаттау және метрология. 1 кітап. Техникалық реттеу. Оқу құралы. – Павлодар: ПГПИ, 2011 – 306 б.
2. Жаһандану жағдайындағы ұлттық экономиканың инновациялық және кәсіпкерлік дамуы [монография]/ред. Д.М. Мадиярова, М.О. Рыспекова.- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, 2018. - 276 б.
3. «Техникалық реттеу туралы» 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 396-VI Қазақстан Республикасының Заңы
4. Леонов О.А., Карпузов В.В. Сәйкестікті растау негіздері. Оқу құралы. – Лань, 2021 – 124 б.
5. К. Акишев, Г. Дарибаева. Стандарттау, метрология және сәйкестікті бағалау. – 3-басылым, толықт., өңд. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 152 б.

Buketov University